Докторант Худайбергенов Нурбол Джумагалиевичтің «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін (PhD) алу үшін ұсынған «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар» атты диссертациялық зерттеу жұмысына берілген отандық кеңесшінің

ПІКІРІ

Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», 2018 жылы жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында көрсетілген міндеттер еліміздің мемлекеттік тарихы мен ұлттық әдебиетіміздің өткені мен бүгініне, болашағына байланысты болып отыр. Өткенімізді түгендеу, болашағымызды бағамдау мақсатында қазіргі таңда әдебиеттану ғылымында қыруар шаруалар жүзеге асырылуда. Қорғауға ұсынылып отырған диссертация жұмысы қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерінің біріне арналған. Қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихына үңілетін болсақ, жалпыадамдық құндылықтар көркем әдебиеттің негізгі нысандарының бірі ретінде дәстүрлі түрде жалғасып отырған. Диссертант қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың игерілуін ғылыми пайымдау арқылы заманауи әдебиеттің негізгі өзегіне үңілуге тырысқан.

Зерттеудің негізгі мазмұнын үлкен үш тарау және осы тараулардың мәнін ашып, толықтыратын екі тараушалар қамтиды. «Құндылықтар теориясы және әдебиеттанудағы кешенді пәнаралық зерттеулер» деп аталатын бірінші тарауда бұл мәселенің тек әдебиеттің нысаны емес, күллі гумантиарлық ғылымдарға ортақ екендігі осы мәселені арнайы зерттеуші ғалымдардың еңбектері арқылы тұжырымдалған. Олар: эстетикалық, этикалық, экономикалық, саяси, әлеуметтік және танымдық құндылықтар. Ғалымдар жалпыадамдық құндылықтарды түрліше топтағандықтан, онда қатып қалған қағида жоқ. Сондықтан диссертант тәуелсіздік (бостандық, еркіндік, егемендік, азаттық), дәстүр (дала заңдары, әдет-ғұрып, салт-сана), қанағат (тәуба, ар, ұят), әділдік, ерлік (жауынгерлік), ар, сенім, ақиқат, махаббат, әсемдік, заң (құқықтық тәртіп), отбасы, Отан, достық сияқты құндылықтар жүйесін бөліп алып, осылардың төңірегінде ой қорытады. Жалпы алғанда бұл мәселе гуманитарлық ғылым салаларының зерттеу объектісі болғандықтан, тақырыпты зерттеуде пәнаралық байланыстың болатындығы заңдылық. Құндылықтардың бастау көзі тым арыда жатқандығын автор бірінші тараудың екінші тараушасында тарата сөз етеді. Миф, хикая, аңгіме, аңыз, әпсана-хикаяттарға арқау болған құндылықтар өмір бар жерде ізгілік пен жауыздықтың, махаббат пен опасыздықтың, тұрақтылық пен жылпостықтың, жақсы мен жаманның, ақ пен қараның қатар өмір сүретіндігін байқатады. Қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың бастаулары ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алатындығын зерттеуші нақты мысалдармен тұжырымдаған.

Жалпыадамдық құндылықтарды әр дәуір әдебиетінен келтіре отырып сөз етуге болады. Әдебиеттің арғы-бергі тарихына шолу жасаған диссертант:

Scanned by TapScanner

«Орхон-Енисей жазба екерткіштерінде – елдік пен ерлік, әл-Фараби заманында – қайырымдылық, Қорқыт ата өмір сүрген шақта – өмірге сүйіспеншілік, Абай мұрасында – «толық адам», Алаш арыстары өмір сүрген кезенде – «ар ілімі», советтік дәуірде – «достық» концепциялары айрықша әспеттелді», – деген тұжырым жасайды. Бұл әрине шартты түрдегі атау, дегенмен әр дәуір әдебиетінде құндылықтардың кез келгені керегінше кең көлемде насихатталды деп айтуға негіз бар.

«Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасы: көркемдік-эстетикалық ізденістер мен дүниетанымдық парадигма» деп аталатын екінші тарауда әдеби зердедегі тәуелсіздік құндылықтары, жаңа дәуір әдебиетіндегі құндылықтар жүйесі қарастырылған. Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романында: «Теңіз тартылғалы бұл өңірдің халқының ісі мен мінезі ұсақталып барады», – дейді. Жазушы осы арқылы адам мен табиғат арасындағы тылсым байланысқа көңіл аударады. Табиғат экологиясы адамзат баласына әсер етпей қаймайтыны анық. Адам қолымен жасалған апаттың зардабын тартатын да адамзат баласы екенін өмірден көріп жүрміз. Ә.Нұрпейісов «Соңғы парызында» әлеуметтік тойымсыздыққа, қоғамдағы керағарлыққа назар аударса, Т.Әбдік «Парасат майданында» адамның жеке «менінің» астарына үңіледі. Диссертанттың Ә.Нұрпейісовтің романы мен Т.Әбдікұлы повесінде көтерілген жалпыадамдық құндылықтар өзара салыстырыла сөз болса, Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романындағы мәңгілік мұраттар Шәйі, Тазабек, Қалиша, Жүзік, Табай, Қапез, Жомарт, Кобзев т.б. сынды негізгі кейіпкерлер төңірегіндегі оқиғалар жүйесімен ғылыми сарапталған.

«Қазіргі әңгіме: ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар арақатынасы» деген үшінші тарауда қазіргі әңгімелердегі ұлттық болмыс, жастар прозасындағы құндылықтардың көркемдік трансформациялануы зерттеу нысанына алынған. Диссертант жалпыадамдық мәселелер роман, повестермен бірге шағын әңгімелерге де арқау болғанын жекелеген шығармаларға жасалған талдаумен көрсеткен.

М.Мағауиннің «Салахад-диннің үкімі», Т.Шапайдың «Айна сарай» Д.Рамазанның «Көш» әңгімелері қазақ елінің егемендігін баянды ету жолында ұлтты рухани дағдарыстан шығару, елдікті сақтап қалу, ұлт тағдыры мен болашағы сияқты ауқымды мәселелерді көтеруімен ерекшеленсе, диссертант сол мәселелерді жан-жақты көрсетуге тырысқан.

Жастар прозасындағы әңгіме, микроәңгіме, миниатура, этюд, суреттеме, эсселер жанрлық ізденістерді байқатса, мазмұндық жағынан да өзгеріске ұшыраған ұғымдар мен түсініктер кездеседі. Қазіргі таңда рухани құндылықтардың екінші планға шығып, бірінші кезекке материалдық құндылықтардың ауысуы жастар шығармаларындағы кейіпкерлер бойынан көрінеді. М.Омарованың «Жол үстінде», А.Мантаеваның «Жауһар», «Интуиция», «Мәңгілікке құштарлық» Л.Қоныстың «Ертегі», Ә.Байболдың «Ормандағы жиын», «Айдаһар, аю һәм барыс», «Жиын», «Қажыр мен Қайрат», «Бас» сынды әңгімелерінде құндылықтар жүйесі түрлі дәрежеде

Scanned by TapScanner

көрініс тапқан. Жастар прозасындағы мазмұндық, түрлік ізденістер қазіргі әдебиеттің жай-жапсарын танытады.

Зерттеу нысанына алынған авторларға қарап отырып, қазіргі әдебиеттің үш буын өкілдерінің шығармалары қарастырылғаны байқалады. Заманауи әдебиеттің ірі өкілдері Ә.Нұрпейісов, М.Магауин, Т.Әбдікұлы, Б.Нұржекеұлы, Т.Шапай, Н.Ораз, Д.Рамазан, М.Омарова, А.Мырзахмет, А.Мантаева, Ә.Байболдар сияқты жазушылардың жекелеген шығармаларының зерттеу нысанына алынуы құптарлық. Себебі бұлар – әдебиетке өзіндік үнімен, жаңа тынысмен келген жазушылар. Зерттеу нысанына алынған роман, повесть, әңгімелер қазіргі қазақ прозасының көркемдік-аксиологиялық сипатын байқатады.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Ізденуші әр тарау бойынша ой қорытып, өз тұжырымдарын ұсынған. Әр тарау бірін-бірі толықтырып, бірінен-бірі туындап жатыр.

Докторант Н.Худайбергенов зерттеу жұмысының негізгі мазмұны жөнінде ҚР Білім және ғылым саласындағы Жоғары аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шетелдік басылымдарда мақалалар жариялап, баяндамалар жасаған. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы жеткілікті.

Осы айтылған пікірлерді ескере отырып, диссертация авторы Худайбергенов Нурбол Джумагалиевичті «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін. Сондықтан бас-аягы жинақы, өзіндік айтары бар «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар» атты диссертациялық жұмысты диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға негіз бар.

Отандық кеңесшісі,
филол.ғ.д., профессор **Г.Ж.Орда**

Г.Ж.Орданың қолын растаймын/б. ага инспекторы
"20" 01 20/9ж. Подпись

Scanned by TapScanner